

марапатталады. Әскери училищеде, ал соғыстан соң Алматы шаруашылық институтын бітіріп, Алматыда, Мәскеуде қызмет етеді [1, 230 б.].

Еліміздің біртуар ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Н.Нұрмақов небары 42 жасында, 1937 жылы жазықсыз жаламен репрессияға ұшырап, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Жұмабаев, С. Қожанов, т.б. ардақты арыстарымызбен бірге әділетсіз НКВД жендеттерінің қолынан Мәскеуде атылды. Оған да басқаларға жағылғандай қара күйе жағыла келіп: «...Под его руководством проводилась повстанческая диверсионно-вредительская, террористическая работа в Казахстане» деген шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, қаскөй пиғылды айып тағылған [1, 86 б.].

Тарихи XX съездің жеке адамға табыну зардаптарын жою жөніндегі шешімдерінен кейін Нығмет жөніндегі үкім 1956 жылы күшін жойды, басқа да ақталған арыстармен қатар оның абзал есімі халқына қайтарылып берілді. Сот үкімі негізсіз деп табылып, Нығметтің атақ-абыройы орнына келтірілді. СССР Жоғарғы Соты әскери коллегиясының сол жылғы 11 тамыздағы үкімінде: «...что Нурмаков был привлечен к уголовной ответственности и осужден необоснованно...Рассмотрев материалы дела и дополнительной проверки по нему и находя заключение обоснованным, Военная коллегия Верховного суда СССР.

Определил:

Приговор Военной коллегии Верховного суда от 27 сентября 1937 года в отношении Нурмакова Нигмета Нурмаковича во вновь открывшимся обстоятельствам отменить и дело о нем на основании 5-ст. УПК РСФСР производством прекратить» [1] делінген.

Міне, арада жиырма жылдай уақыт өткенде ғана есіл ерлер мойнына тағылған жала жоққа шығарылды. Зайыбы Зүфнүн сол әділдіктің орнағанын көріп өмірінің соңында аяулы жар атағының аясында, аруағын елімен бірге ардақтап тыншу ғұмыр кешті. Өкініштісі, екі баласының үлкені Тамара жетімдер үйінің «рақатына» төзе алмай ол дүниелік болды (маған сол әпкемнің есімі беріліпті), жалғыз ұлы, кеңес офицері Ноян өмірге Нығмет, Елена есімді екі бала әкеліп, зобалаң жылдар қалдырған сырқат салдарынан бертінде, Мәскеуде анасымен бірге тұрған шағында қайтыс болды [1, 230 б.].

Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған Нығмет Нұрмақов – тау тұлға. Нығметтей алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Ол өзінің іскерлігіменен, білімділігімен қайраткер ретінде өзін қоғамға танытты. Н.Нұрмақовтың халқының ұлы патриоты болғанын оның үкімет басшысы болғандағы кезіндегі ерен еңбегінен көреміз. Ол ұлттық мемлекет үшін күресте өзінің күш жігерің халқының рухани өсуіне арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлова Т. Тәуелсіздік тұғырын қалап кеткен Алаш қыраны. – Қарағанды: Арка және К баспасы, 2019. – 280 б.
2. Файзуллаев Ә., Қабдөшев Б. Юстиция Халық комиссарлары. Алматы: Жеті жарғы баспасы, 1999. – 344с.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман /Төртінші басылым. – Алматы: Жазушы, 1977. – 387 б.
4. Сармурзин А. Нарком – Нығмет Нұрмақов. // Парасат. – 1994. №8 – 23 б.
5. Сағымбеков Р. Халқының ардақты азаматы. //Оргалық Қазақстан. – 1985. № 15. – 10 б.
6. Сармурзин А. Нарком – Нығмет Нұрмақов. // Парасат. – 1994. №8 – 23 б.
7. Жағыпаров Н. Халыққа қалтықсыз қызмет етті. – // Қазақстан коммунисті, №4, 1985. – 33 б.

**Жаппарова М.Н., Қасымжанова Ж.Е.,** Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИОПиП-25, ИО-21 тобы студенттері  
(Ғылыми жетекші — т.ғ.к., доцент Амрина М.С.)

## **МҰСЫЛМАН ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ – ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕ**

Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ. Қазақ халқының түсінігіндегі әйел адамының маңызы ұлт болып қалыптасқанымыздан бері өте жоғары бағаланған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен,

үшіншіден қорғалуынан танылады. Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

X ғасырдан бастап, Қазақстан аумағында түркі тайпалары исламды қабылдаған уақыттан бастап [1, б. 85] дін біртіндеп байырғы халықтың өміріне ене бастады. Тарихшылардың сөздері бойынша, «Орта Азия мұсылмандарының көзінше қазақтар исламның әлсіз ізбасарлары болып қалды» [2, б. 203]. және бұл таңқаларлық жағдай емес. Тайпалардың көшпелі өмір салты, халықтың жаңа дінді толығымен қабылдауына кері ықпалын көрсетті. Көшпелі қоғамда пұтқа табынушылар мен басқа күштердің әсері басым болды. Ислам көшпенділердің басқа діни идеяларымен қатар өмір сүріп, уақыт өте келе оларды біртіндеп ығыстырды. Қазақ мемлекетінің саяси күшеюі кезеңінде ислам, қоғам өміріне берік еніп, рухани саладағы өз ұстанымын нығайтты.

Революцияға дейінгі кезеңде Қазақстан тарихында «шамамен 1890-шы жылдарға дейін ислам дінін насихаттауға және мұсылман мектептері мен медреселерін ашуға ниеттенді» [3, б. 50], сондықтан қазақ қоғамында ислам дәстүрлеріне бейімділік сақталды. Алайда, XX ғ. бойы созылған діннің кез келген көрінісімен кеңестік үкімет арасындағы күрес, халқымыздың діни негіздерін ұмыттыруына әкеп соқты. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана республикада этникалық мәдениетті жандандыруға бағыт алынды және дәстүрлі құндылықтарға, оның ішінде діни құндылықтарға қайта оралу жүзеге асырылды.

Дін мәселелері барлық уақытта қоғамда да, ғылымда да ең көп талқыланады, бұған көптеген еңбектер мен мақалалар дәлел. Қазіргі кезең де ерекшелік емес. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде діни тақырыптарға, әсіресе ислам әлеміне деген қызығушылық артып келеді. Дін тарихы, діни мәтіндер, символдар, әдет-ғұрыптар жеке-жеке және рухани мәдениетті зерттеу аясында қызығушылық пен талқылау объектісі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның тарих ғылымында дін мәселелеріне арналған көптеген еңбектер мен зерттеулер бар, бұл ретте жұмыстардың басым бөлігі қоғамның рухани өміріндегі исламның рөлін ашып көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы исламдық діни құндылықтар әрқашан үлкен маңызға ие болды [4, б. 197].

Башқұрт тарихшысы Р.Г. Буканова атап өткендей, «соңғы онжылдықта посткеңестік кеңістіктегі исламның рөліне қызығушылықтың артуына байланысты нақты рухани тұлғалардың қызметін зерттеу ерекше өзектілікке ие болды» [5, б. 23]. Мысалы, осы бағыттағы еңбектерге қазақтарды христиандандыруға қарсы белсенді күрескер болған, теолог ғалым Науан Хазреттің өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеуге арналған К.К. Әбуевтің монографиясы жатады [6, б. 3].

Діни көзқарасы бойынша қазақтар мұсылман болғанына қарамастан, олар үшін ислам – бұл кейін қабылданған дін. Осыған байланысты исламның таралу тарихы мен осы үдерістің даму ерекшеліктері Қазақстандық тарих ғылымында бірнеше рет зерттеліп келеді. Жалпы дін де, ислам мәселелеріне де жеке-жеке талқылаулар, ғылыми жарияланымдар мен конференциялар арналды [7, б. 3].

Діни тақырыптарға арналған жұмыстардың алуан түрлілігімен ғылыми әдебиеттерде діннің адамдардың күнделікті өміріндегі орны мен маңыздылығын көрсететін еңбектер аз, исламның халықтың жекелеген топтарына, атап айтқанда, отбасылық құрылымды қалыптастыруда, жас ұрпақты адамгершілік тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратыны және әйелдерге әсері толық зерттелмеген. Осыған байланысты, біздің жұмысымыздың аясында Ғ.М. Досанованың ғылыми зерттеуі қызығушылық тудырады, онда автор Қазақстандағы заманауи діни тәжірибені сипаттайды және, ең бастысы, әйелдердің дінге қатынасын және олардың мұсылман дәстүрлерін таратудағы рөлін айқындайды [8, б. 1]. Зерттеуші Қазақстандағы діннің қазіргі жай – күйі туралы пайымдай отырып, қазіргі қоғамдағы «Ислам ұстанымдарының нығаюы ер-әйел арасындағы қарым-қатынастардың қайта теңестірілуіне ықпал етеді» деген тұжырымға келеді, онда «ерлердің үстем позицияларды қалпына келтіруге, ал әйелдер отбасына оралуға ынталандырылады» [8, б. 3]. Бұл мақалада біз қазақ әйелдерінің күнделікті өміріндегі ислам құндылықтарының көрінісін қарастырамыз. Сондықтан қарапайым құбылыс арқылы, дінге деген көзқарасты тұтастай байқауға болады.

Революцияға дейінгі кезеңде әйелдің күнделікті өмірінің құрылымында шаруашылық міндеттерін орындаудан басқа, басты орындардың бірі балаларды тәрбиелеу болды. Сондықтан әйелдер өскелең ұрпақта негізгі адамгершілік және рухани құндылықтардың қалыптасуына ықпал етті. Этникалық тәрбиеде тұрақты моральдық нормаларды қалыптастыруға үлкен мән берілді. Осылайша, қазақ әйелдері – әжелер, аналар – халықтық салт-дәстүрлер мен фольклор жүйесі арқылы

халық тәрбиесінің негізін қалады, ал діни тәрбие жүйесі арқылы исламның негізгі құндылықтарын қалыптастырды.

Зайырлы да, адамгершілік және діни тәрбиеге де мән берген, әйгілі қазақ әйелдерінің бірі - Орта жүз билеушісі Уәли ханның кіші әйелі, ұлы шығыстанушы ғалым Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғаным ханым болды. Айғаным «өте білімді әйел еді, ол кезде ондай әйелдер сирек болатын, бірнеше шығыс тілдерін білетін, және орыс мәдениетіне де қызығушылық танытқан» [9, б. 121]. Бірақ, демократиялық көзқарастар мен ойлаудың әмбебаптығы, оның діндарлығы мен діни қағидаларын сақтауға кедергі болмады. Ханша өзінің сенімін тәрбие арқылы жеткізді. Оның Сырымбеттегі мекенінде (Сырымбет шатқалы – қазіргі Ақмола облысы Айыртау ауданы Сырымбет кенті) мектеп орналасқан, онда балалар зайырлы біліммен қатар, діни білім алған [9, б. 123].

Үйде діни білім берудің негіздерін алғаннан кейін балалар мешіттер жанындағы молдалардан оқуын жалғастыруға және медреседе арнайы білім алуға мүмкіндік алды. Бұл үрдіс негізінен XIX ғасырда орын алды, осы уақыттың көптеген танымал қазақ ағартушылары, ақындары мен жазушылары медреседе алғашқы білім алды. Діни оқу орындарында білім алу Құранды оқып, жаттаумен, араб жазуын оқытумен шектелмеді, балалар әртүрлі пәндер бойынша лайықты білім алды және ата-анасынан алған тәрбиенің жалғасы болды. Семей қаласының медресесінде бастауыш білім алған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың бойына адамгершілік қағидаларын сіңіруге оның анасы Ұлжан мен әжесі Зере зор үлес қосты.

Революцияға дейінгі кезеңдегі қазақ әйелдері өз отбасыларында діни тәрбие алып, балаларына баулып, діни дәстүрлерді жалғастырушы болды. Көркем, ғылыми және тарихи әдебиеттерде діни білімнің таралуындағы әйелдердің рөлін және әйелдердің ислам дініне деген адалдығын көрсететін мысалдар жеткілікті.

Қазіргі Қазақстан - көпұлтты құрамы бар зайырлы мемлекет. Қоғамның демократиялық жай - күйі жағдайында, социум қатаң конфессиялық емес және діни сенім бостандығы бар болған жағдайда, қазақ қоғамы тарапынан ислам канондарына шынайы берілгендіктің сыртқы көріністері мұсылман киімін кию, Ислам канондарына сәйкес келетін мінез-құлық, Рамазан айы кезінде ораза ұстау, бес рет намаз оқу, мешітке бару, жұма намазына қатысу, діни жораларды орындау болып табылады.

Ислам дәстүрлерінің кейбір мәселелерге айрықша бейілділігіне қарамастан, қазақ қоғамының қарым-қатынасы әрқашанда біржақты бола бермейді. Бір мысал - мұсылман киімін киюге деген көзқарас. Атап айтқанда, соңғы жылдары «жабық» мұсылман әйелдер киімін кию үлкен дау тудырды. Мұсылмандық киім стилінің бейнесі болып табылатын хиджаб кию ерекше қарама-қайшылықты тудырады. Бұл мәселенің түп-тамырын зерттеуге С.К. Калпетходжаеваның зерттеуі арналды. Автор социологиялық сауалнама жүргізе отырып, шын мәнінде «қазақстандық қоғамда хиджабтағы әйел бір мағыналы емес қабылданатын құбылыс болып табылатынын» және хиджаб киген әйелдерден «қоғамға жат объектіні» көретіндігін анықтады [11, б. 80]. Алайда, бір қарағанда, хиджабқа деген теріс көзқарас ислам дәстүрлерін жоққа шығарудың немесе қабылдаудың белгісі емес. Қазақтың ұлттық әйелдер киімі де «ашық» киімдер қатарынан емес. Әйелдің ұлттық стильдегі гардеробы оның бүкіл фигурасын жабатын киімнен тұрады, ал әйелдің басы әрқашан жаулықпен жабылған. Шарифат әйелдерге қарапайым, бірақ нәзік киінуді бұйырады, сондықтан қазіргі қоғамда қазақ киіміндегі ұлттық стиль мұсылман нормаларына толық сәйкес келеді деп саналады. Хиджаб кию немесе одан бас тарту қазақ әйелдерінің діндарлығының жоқтығын білдірмейді [10, б. 83].

Қазақ қоғамының, оның ішінде әйелдердің де ислам дәстүрлеріне деген байыпты көзқарасы барлық мұсылмандар үшін қасиетті Рамазан айында міндетті түрде ораза ұстауды білдіреді. Сонымен қатар, жыл сайын ораза ұстайтын әйелдердің саны артып келеді.

Қоғамның исламдық құндылықтарға бейілділігін көрсететін күнделікті өмірдегі тағы бір заманауи үрдіс - бұл тек «Халал» белгісімен тамақтану. Қазіргі заманғы нарықтарда осы белгімен өнімдердің кең ассортименті сатылады. Адамдар ислам ережелеріне сәйкес дайындалған тағамдарды жеуге үлкен мән береді. «Халал» өнімдеріне деген жоғары сұраныс қазақтар үшін діни қағидаларды сақтаудың маңыздылығын көрсетеді [10, б. 89].

Қысқаша тарихи зерттеу көрсеткендей, қазақтар үшін ислам діні болғанына қарамастан, уақыт өте келе мұсылман дәстүрлері қоғамның рухани өмірінде тамыр жайған. Адамгершілік және рухани құндылықтарды қалыптастыратын ислам нормалары Қазақстан тарихының революцияға дейінгі кезеңінде этникалық тәрбие жүйесіне берік енді. Алайда кенес дәуірінде діни бірегейліктің жоғалуы ислам құндылықтары мен дәстүрлерінің ұмытылуына әкеп соқты, олардың жандануы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Мұнымен қоса XX ғ. 90-шы жж.

тұрғысында өзара кезеңде исламдық ренессанс болған. Мақалада келтірілген қазақ әйелдерінің күнделікті өмірінен алынған кейбір мысалдар олардың мұсылман дәстүрлерін сақтау мен сақтаудың маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді [10, б. 94].

Қорытындылай келе, ислам әйел адамның жағдайын жан-жақты қарастырып, реттей білген дін. Өмірдің бастауы, негізі – ана дейтін болсақ, олардың салт-санада, әдет-ғұрып, дініміз бен тілімізде, жалпы айтқанда, мәдениетімізде алатын орны басқа еш адаммен салыстыруға келмейтін өте жоғары тұр және ол өте ұлы, қасиетті өмірлік бастау. Ата-бабамыз қазақ ел басына күн туса ер азаматтармен бірдей атқа қонған, бейбіт күнде білігі асса – билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан әйелдеріне құқық атаулыдан тыйым салған емес. Одан дәстүрлі қазақ қоғамы ұтпаса, ұтылмағаны тарихымыздан белгілі. Соның нәтижесінде қазақ халқы үлгілі ұлт болды. Қазақ әйелі - азамат әйел болды. Өйткені нағыз азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де. Бүгінгі күн өзінің заманауи аздаған өзгерісін енгізді. Қаншама ғалым, кәсіпкер, ұстаз, дәрігер қазақ әйелі өзінің ғана емес, елінің де атын шығарып жүр. Сөйте тұра, олар өзінің басты міндетін де ұмытпай, саналы, арлы-намысты, табанды, білімді, әрі жігерлі ұрпақ тәрбиелеп отыр. Себебі, ұлтты ұлт етіп сақтайтын салт-дәстүрлік ұстаным-қағидалар еш уақытта өзгермек емес. Соның бәрін үлкеннің алдын кесіп өтпейтін ибалы қазақ әйелі болашаққа да көзінің қарашығындай сақтап жеткізері даусыз. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған емес. Сондықтан да ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Государства Великой степи. – Алматы: изд. «Аруна», 2007. -216 с.
2. История Казахстана (история Казахской ССР с древнейших времен до наших дней). - 3-е изд.; перераб. – Алматы, 2011.
3. Абуев К.К. Кокшетау. Исторические очерки. – Кокшетау, 2011. -293 с.
4. Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012.–219 с.
5. Буканова Р.Г. Выдающиеся мусульманские деятели из башкир XIX-XX вв. // Духовные личности ислама в истории Казахстана. Сб. материалов научно-практ. конф., посв. 550-летию Казахского ханства. – Кокшетау, 2015. – 22-26 с.
6. Абуев К.К. Науан Хазрет. Көкшетау, 2014. – 11 б.
7. Мұстафина Р.М. Қазақстандағы діни өмірге ретроспективті этнографиялық шолу (Қарағанды облысы мен Павлодар қ. этнографиялық зерттеу материалдары бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы. Әл-Фараби Атындағы Қазуу. Шығыстану Сериясы. – 2012. - №2(59). - 62-65 б.
8. Досанова Г.М. Қазақстандағы әйелдердің діндарлығы және жаңа мұсылман тәжірибелері: реферат дисс., Астана, 2010.
9. Чокан Валиханов и его современники: (монография) / К. К. Абуев, - Кокшетау, 2016. - 386 с.
10. Калпетхождаева С.К. Проблемы восприятия женщины в хиджабе в современном казахстанском обществе: история и современность. Сб. материалов межд. научно-практ. конф. – Уфа, 2016. – 80-99с.

**Ибатуллиева Г.С.,** Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, МКЯЛ-61 тобы, магистрант  
(*Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Әділова А.С.*)

#### **КӨҢІЛ АЙТУ СӨЗДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК-ЖАҒДАЯТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сөз этикеті – әлеуметтік мәдени құбылыс болғандықтан, оның өзіне тән атқаратын қызметі тілдің негізгі коммуникативтік қызметінен туындайды. Сөз этикеті сөйлеушілер арасында сыпайы қарым-қатынасты білдіру, көңіл-күйге жағымды әсер ету мақсатында қолданылатыны белгілі. Ондай сөздерге амандасу, коштасу, ризалық білдіру, құттықтау, тілек білдіру, көңіл айту, бата беру т.б. этикеттік формуладағы сөздер жатады. Олардың арасында көңіл айту сөздерінде этикеттік тілдік бірліктердің қолданылу сипаты басқаша.

Көңіл айтудың арнайы тілдік таңбаларының «кімге», «қашан», «қай жерде» деген принципке бағынатын қолдану жүйесі бар. Кез келген ортада, кез келген жағдайда бұндай тілдік бірліктерді